


# РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2023



**248,9**  
МЛРД ТГ



**108%**  
ИФО

- Производство прочих резиновых изделий
- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство прочих пластмассовых изделий

**\$193,2**

МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт **81,5%**  
отп **18,5%**

**\$1 486,9** МЛН



**РЫНОК**



**\$1 211,8**

МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ**

## 2023 жылғы қаңтар-шілдедегі резеңке және пластмасса өнімі

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-шілдеде **248,9 млрд теңгені** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен **15,7%** жоғары.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті пластмасса тақтайлар, құбырлар және профильдер – **41,6%**, құрылыс пластик бұйымдары - **19,4%**, басқа да пластик бұйымдар – **17,3%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **15,6%**, басқа да резеңке бұйымдар – **6,1%** құрады.

**Физикалық көлем индексі** талдау жүргізілген кезеңде **108%** құрады. Өндіріс көлемінің ең жоғары өсуін зағай көріністе полиэтиленнен жасалған қаптар және сөмкелер (+0,9%); құбырлар, шлангтер және олардың пластмассадан жасалған фитингтері (1,6%) өндірісі көрсетті.

Осы тауарлардың өсуі тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты.

Резеңке және пластмасса өнімінің **экспорты** құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-маусымда 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **3,2 есеге** өсті және **193,2 млн АҚШ долл.** құрады. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (80%), Қырғызстанға (9%) және Өзбекстанға (5%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарларының **импорты** 2023 ж. қаңтар-мамырда **1 211,8 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **на 35,4%** артық.

Резеңке және пластмасса тауарлар импортының негізгі көлемі **Қытай (28%), Ресей (28%), Германиядан (5%)** келді.

Резеңке және пластмасса бұйымдар **нарығының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-маусымда **1 486,9 млн АҚШ долл. (667,4 млрд теңге)** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **18,7%** артық.

Өндірістің өсуіне **(+12,1%) қарамастан** ОТӨ үлесі **10 т.т. төмендеді** және **18,5%** құрады, бұл, импорттың (+35,4%) және ұлттық валюта бағамының (+1,4%) өсуіне байланысты. Импорт өнім үлесі **81,5%** құрады.

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-шілдеде төмендегі өңірлерде байқалады: Алматы обл. (22%), Астана қ. (20%), Алматы қ. (12%), Қарағанды обл. (8%), Шымкент қ. (6%).